

**«Бизнес және басқару» бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің 2025
жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

1 Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Есеп беру кезеңінде диссертациялық кеңестің 1 (бір) отырысы өткізілді.

2 Отырыстың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні: жоқ.

3 Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Аты-жөні	Оқу орны
1	Алашбаева Нурсулу Муханбетовна	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

4 Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

Диссертациялық кеңес жұмыс мерзімінде 1(бір) жұмыс қарастырды. Мамандықтар мен диссертациялық жұмыс тақырыптары төмендегі кестеде көрсетілген:

№	Аты- жөні	Жұмыстың аты	Мамандығының шифрі
1	Алашбаева Нурсулу Муханбетовна	Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)	6D051800 - Жобаларды басқару

4.1 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» докторлық диссертациялық жұмысының тақырыбына талдау.

Диссертациялық жұмыс заманауи ғылыми өзекті бағыттарына – Қазақстан аумағындағы инфрақұрылымның маңыздылығы, цифрлық трансформация мен модернизацияның инвестициялық саясатты ынталандыру, жобаларды басқарудың дәстүрлі әдістерінің шектеулігі және экономикалық-әлеуметтік әсерінің ролі жатады. Қазақстан үшін «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбының өзектілігі теміржол инфрақұрылымын жаңғырту, транзиттік әлеуетті арттыру және ұлттық экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету міндеттерімен тікелей байланысты, өйткені «ҚТЖ» ҰК» АҚ елдің көлік жүйесінің негізгі операторы ретінде үлкен көлемдегі инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, ал оларды тиімді басқару елдің экономикалық қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді.

Диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми- техникалық дамуының басым бағыттары мен стратегиялық даму саясатын жүзеге асыруға бағытталған ресми құжаттарға сәйкес орындалған:

- Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдесіндегі № 482 қаулысымен бекітілген.

- ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсанда № 129 бұйрығымен бекітілген бағытына (4. Елдің зияткерлік әлеуеті. 4.2. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. Мамандандырылған бағыт – цифрландыру мен инвестициялық трансформация жағдайында салалар мен компаниялардың экономикасын, басқаруын және дамуын жетілдіру) сәйкес.

Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелері бойынша жалпы көлемі 7,1 баспа парағын құрайтын 7 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: 1 мақала Montenegrin Journal of Economics, General Economics, Econometrics and Finance категориясындағы және Scopus деректер базасында индекстелетін CiteScore 3,8-ге тең халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда, 4 мақала Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің хабаршысы, ҚР Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда, және 2 мақала басқа басылымдарда.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Диссертациялық кеңес бойынша типтік ережеге сәйкес докторанттардың рецензенттері сайланды.

Рецензенттердің тізімі:

№	Докторант	Рецензенттер
1	Алашбаева Нурсулу Муханбетовна	Адамбекова Айнагуль Амангельдиновна – экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан. Толысбаев Бауыржан Советович – экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан.

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы үлгілік ереженің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір рецензентке диссертациялық жұмыстың мазмұны мен форматына қойылатын талаптар көрсетілген жадынама жіберілді.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді, сонымен қатар барлық рецензиялар уақытында орындалды. Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Кафедра семинарларында диссертациялық жұмыстарды сапалы қарастыруды қамтамасыз ету.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

Диссертациялар	6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару»	8D04102 – «Менеджмент»
қорғауға қабылданған диссертациялар	1	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар	-	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	-	-

оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-
---	---	---

**«Бизнес және басқару» бағыты бойынша
Диссертациялық кеңестің төрағасы,
техника ғылымдарының докторы,
профессор**



А.Ф. Цеховой

**«Бизнес және басқару» бағыты бойынша
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,
PhD, қауымдастырылған профессор**

Ш.Г. Саркамбаева